

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Огюст Конт (1798–1857)

4-тарау. Қазіргі философия



## Позитивті рух жөніндегі пайымдау (1844)

1818 жылы өзінің есімін Огюст, яғни Аугустке өзгерткен Исидор Конт 1797 жылдың 19 қаңтарында Монпелье қаласында өмірге келген. 1806 және 1812 жылдар аралығында Монпелье лицейінде интерн дәрежесін алып, оқуын аяқтаған соң, Политехникалық мектепке оқуға түсуге шешім қабылдайды. Аталған оқу орнына 1814 жылы қабылданады. Алайда студенттердің бүлігіне қатысқаны үшін 1816 жылы оқудан шығып қалады. Туған жері Монпельеде екі ай уақытын өткізген бозбала Парижге қайта келіп, математикадан сабақ беріп күн көреді. Парижде Сен-Симонмен танысып, біраз жыл оның хатшысы қызметін атқарады.

1824 жылы ұлы утопистпен бет көріспейтіндей болып араздасады. Сөйтіп, мүлдем қарым-қатынасын үзеді. Осы жылдарда бірнеше «бағдарлама» мен шағын ғылыми мақала жариялағаннан кейін, 1827 жылдың сәуірінде Конт «Позитивті философия» курсы жазуға кіріседі. Бұл іргелі еңбек философияның басты шығармасы саналады. Шығарма 1830 және 1842 жылдар аралығында алты том болып жарыққа шығады. Конт кітапта өзінің жүйесіне барлық ғылымдарды бірден шоғырландыруға талпыныс жасайды. Оның пікірінше, позитивті дүниетанымға қол жеткізуді қалайтын адам математиканы, астрономияны, физиканы, химияны, биология мен әлеуметтануды білуі тиіс. Аталған ғылымдарды игеру, дәл осы тәртіп бойынша жүзеге асырылуы қажет. Таным Дүниеден – Адамға қарай жүретін мұндай жол міндетті.

«Позитивист» алдымен, өзінің бойындағы қаталдық, нақтылық сезімдерін және синтезге деген қабілетін қалыптастырып алуы қажет, содан кейін адамзаттың игілігі үшін қоғамдық және саяси сахналарда өзін нақты іс-әрекетімен көрсете алады. Мақалалар мен трактаттардан бөлек, Конт 1851 жылдан бастап «Позитивті саясат жүйесі» кітабын жарыққа шығара бастады. Және аяқтай алмаған еңбегі «Позитивті синтезді» (бірінші томы 1856 жылы жарық көрген) өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырып кетті. Біз мұнда «Танымал астрономия туралы философиялық трактат» (1844) шығармасының кіріспесі ретінде жарық көрген «Позитивті рух жөніндегі пайымдау» еңбегін ұсынуды жөн көрдік. Өйткені дәл осы шығармасында Конттың позитивті философиясының мәні қысқа да нұсқа және толық баяндалған. Философ бұл еңбегінде ғылымдардың позитивті сипатындағы тарихи реттілігін логикалық тұрғыда түсіндіре отырып, позитивті рухтың табиғаты мен бағытын анықтайды. Осыдан автордың дидактикалық ойы келіп шығады: оның пікірінше, позитивист болу үшін адам барлық ғылым пәндерін қалыптасу ретімен егжей-тегжейлі оқып шығуы қажет. Адам рухының үш белесін сараптай келе, Огюст Конт кітаптың екінші бөлімінде позитивті рухтың әлеуметтік артықшылығын дәлелдейді.

Жұмыс үш бөлімнен тұрады. Олардың біріншісі – «Позитивті рухтың зерделік артықшылығы», екіншісі – «Позитивті рухтың қоғамдық артықшылығы», үшіншісі – «Позитивті мектеп жеңісінің шарттары» деп аталады. Үш бөлімнің әрқайсысы рет-ретімен үш тарауға бөлінген.

### I. Позитивті рухтың зерделік артықшылығы

Бірінші тарауда Конт әдетте «үш кезең заңы» деп аталатын «адамзаттың интеллектуалдық эволюциясы заңы» туралы ой сабақтайды. Алғашында адамзат үш фазадан тұратын «теологиялық» немесе теориялық кезеңдерден өтті: сезімдер логикасымен сипатталатын «фетишизм», бейнелі логика тән болып келетін «политеизм» және символдар логикасына ден қоятын «монотеизм». Содан соң «метафизикалық» немесе абстрактілі кезең келеді. Конт өз табиғатында сындарлы болып келетін осы аралық кезеңдердің қажеттігін және олардың қазіргі салтанат құрып тұрған тәртіпті бұзатын тарихи рөлін дәлелдейді. Сайып келгенде, үшінші, яғни «позитивті» немесе шынайы кезеңнің күні туады. Бұл кезеңде адамзат табиғат заңдарын тұжырымдауға талпыныс жасайды. Осы мақсатпен адам бақылау барысында үнемі өзінің қиялын еркіне бағындырып отыруы тиіс. Ақыл: «іргелі ереже ретінде жеке немесе жалпы фактілердің қарапайым сұраныстарына сәйкес келмейтін болжамдардың ешқандай шынайы және анық мәнге ие еместігін мойындайды. Ақыл ұстанымдары ақиқат фактілерінен асып түспейді, бұл – ұстанымдардың өзара байланыстарына қарағанда жалпы және абстрактілі.



Оларды теориялық немесе эксперименттік тәсілдердің қай-қайсысымен анықтасақ та, құбылыстар арқылы қадағаланып отырған өздерінің тікелей, не болмаса жанама түрде сәйкестілігі ғылыми құндылықтарын жете анықтайды». О. Конт біздің ұйымдар мен әлеуметтік эволюцияға қатысты позитивті рухтың табиғатын айқындайды. Себебі позитивті заңдардың артықшылығы – олардың алдын ала болжай алу қабілетіне ие екенінде. Алайда әмбебап ұғымдарды, яғни заңдарды тану Адамзат үшін ұзақ және баяу эволюция нәтижесінде келеді. Екінші тарауда «позитивті рухтың әу бастан» ақыл-ой әлеміне болсын, әлеуметтік салаға болсын бейім болып келетіні қарастырылады. Конт ақыл үйлесімділігінің құрылымы жайында ой толғайды. Оның түсіндіруінше, кез келген таным әрекетінің тұтастығы бізге жеткен түрлі тұжырымдардың ақылымызда толассыз және біртекті болуында. Философ заңдардың екі түрін бөліп көрсетеді. Оның пікірінше, материалистер атап өткендей, ақылдың бірлігі дүниенің тұтастығымен байланыста объективті болуы мүмкін емес. Ақыл тұтастығы субъективті. Бірақ біздің барлық тұжырымымыздың Адамзатпен салыстырғандағы тұтастығы Құдаймен салыстырғанда әлдеқайда толық әрі тұрақты болып келеді. Адамзат туралы ғылым қоғамды бір жүйеге түсіруге және адамзаттың біртұтас негізін қалауға бірден-бір қабілетті ғылым болады. Ғылым мен өнер бір-бірімен етене үйлесімді байланыста. Ғылым өнерді адамның табиғатқа рационалды ықпалы ретінде түсіндіреді, оның үстіне тек бейорганикалық және биологиялық емес, сонымен бірге, ең алдымен, саяси және моральдық ортаға да әсері бар құбылыс ретінде қарастырады.

Әлеуметтік бейімділік ғылыми заңдарды зерттеуді анықтайды, нақтылайды және толықтырады. Өнеркәсіптік өндіріс өзінің объектісінің арқасында тікелей және өз табиғаты тұрғысынан дінді жанама терістеуі теология заңының позитивті заңға ауысуына алып келеді.

Конт ғылым мен теологияның бір-бірімен сыйыспайтынына сенімді. Бұл үйлесімсіздік алғашында мардымсыз көрінуі мүмкін, әйткенмен, шын мәнінде, ол түбегейлі, сонымен қатар әрі қисынды, әрі теориялық сипатқа ие. Ғылым мен теологияның қайшылығы эволюция өлшемінде біртіндеп көрініс табады. Ғылыми прогрестің ықпалымен «теологизм» монотеизммен бірігеді. Бұл қайшылық бірте-бірте ғылым өзінің қос кеңістігінен – зерделік және әлеуметтік салалардан ығыстыра бастаған монотеизмнің өзіне де таралады.

Позитивті рухтың ықпал етуінің бірден-бір шешуші көрінісі – метафизикадағы мәмілеге келушілік, яғни Табиғаттың – Құдаймен, Заңдардың – Ерікпен үйлесуі. Бұл ықпалдастықтың тағы бір көрінісі-кейінгі мақсаттар туралы догмалардың өмір сүру жағдайларына қатысты ұстанымдарының алмастырылуы. Осы өзгерістер жүзеге асып отырған тәртіптің кемел еместігін ескере келе, адамның күнделікті әрекетін жақсартуды мақсат етті.

Үшінші тарауда «позитивті рух пен кемел ақылдың ымыралас екені» дәлелденеді. Позитивті рухтың атрибуттары қандай? «Позитивті», яғни «жағымды» сөзінің өзі оның шынайы, пайдалы, сенімді және нақты екенін айтып тұр. Бұл жалпылама қасиеттер позитивті рухты өзге барлық философиялық әдістерден, соның ішінде, метафизика әдіснамасынан ерекшелейді. Содан соң Конт позитивті рухтың қалыптасуы туралы пайымдайды. Ол позитивті рух пен әмбебап кемел ой араларындағы ұқсастық пен өзгешелікті көрсетеді. Ойлаудың позитивті әдісі өзінің негізгі ұстанымдарын кемел ақылдан алады, алайда оларды кіріктіре отырып, бір ізге түсіреді. Себебі әдісті теориядан бөлуге мүлдем болмайды.

Позитивті философияның негізі XVII ғасырдың өзінде-ақ қалыптасқан болатын. Әртүрлі деңгейдегі құбылыстарда өрістей келе, бұл философия тәжірибелік немесе нақты зерденің теориялық және абстрактілі зердеге тегеуірінді ықпал етуінің бастамасы болады. Ғылым мен кемел ақылдың араларындағы ақтық үйлесімділікке қол жеткізілуі мынадай екі міндеттің шешілуін талап етеді:

- 1) Әлеуметтік ғылымдар мен адамгершілікті позитивті ету;
- 2) Барлық позитивті тұжырымдарды адамға қатынасы тұрғысынан жүйелеу.

Позитивті философия жүйесінің мақсаты осы екі жақты бағдарламаны жүзеге асыру болып саналады.



## II. Позитивті рухтың қоғамдық артықшылығы

Позитивті философияның мақсат-міндеті – қоғамда революциялық ахуал туғызу. Бірінші тарауда автор позитивті рух тәртіп пен прогресті үйлестіре отырып, революцияны ұйымдастыра алатынын дәлелдеуге талпыныс жасайды. Позитивизмнен бұрынғы философиялық мектептер бұған қабілетсіз еді. Олардың кейбірі мүлдем теріс көзқараста құрылды. Қоғамда орныққан тәртіпті әділетті түрде сынады, әйткенмен кереметтей ұсыныс жасай алмады. Кейбірі мүлдем кертартпа көзқарасты ұстанды. Прогрестің мүмкіндіктерін терістеп, дамудың ескі кезеңдеріне қайта оралуды ұсынды. Аталған екі жүйенің ортасын ұстанған бағыттар салмақты философиялық дәйектемелерге ие болмады. Конт өзінің «Ұлы дағдарыс тұжырымдамасын» ұсынады (1789 жылғы революция мағынасында). Ол өзінің дәуірінде қордаланған мәселелер туралы да толғанады (1830 жылғы революция). Философ кертартпа және негативті мектептердің шешімдері өздері талап етіп отырған мәселелердің алдында жеткіліксіз, әрі мардымсыз екенін дәлелдейді. Ол екі антагонистік мектепті эмпирикалық жолмен бітістіру қажеттігін мәселе ретінде көтеріп, еркіндік пен қоғамдық тәртіп идеясын ұсынады. Тәртіп пен прогресті қалайша үйлестіруге болады? Позитивті мектеп қоғамды қалыпты күйге жеткізуге талпынуы тиіс. Позитивті көзқарас пен келісетін кез келген адам тәртіп – прогрестің, ал прогресс – тәртіптің қажетті шарты екенін түсінеді. Тәртіпке қатыстысын айтар болсақ, бірінші кезекте, мораль тұрғысынан және оларды бұрынғы таным үлгілері мен негізгі позитивтік тұжырымдамалардан шығара отырып, позитивті рух барлық маңызды деген мәселелерге зер сала келе, ғылыми әдіснаманы түбегейлі қайта қарастырады. Ол әрқашан жасанды не заңды тәртіпті шынайы тәртіптің қарапайым жалғасы ретінде ұсынады.

Прогресті қолдаушылар үшін позитивті философияның тартымдылығы – оның негізгі талабына біздің болмысымыз бен табиғатымыздың қарқынды, мінсіз түрде үздіксіз кемелденуі, зердеге басымдық беру және қоғамда өмір сүруге қабілетті болу, яғни адам мәні хайуанаттардың мәнінен жоғары тұруы. Позитивті рух артықшылығының соңғы дәлелі – ол адамзаттың барлық өткенін түсіндіруге қабілетті. Бүкіл тарихи дәуірлер біртұтас іргелі эволюцияның фазаларын ұсынады, әр фаза алдыңғы фазадан шығып, өзгеріссіз заңға бағына келе, келесі фазаны дайындайды.

Екінші тарау «адам моралін жүйелеуге» арналған. Конттың пікірінше, мораль жүйесі – Адамзаттың кез келген ақиқат теориясын қолданудың басты кеңістігі. Философ позитивті моральдің эволюциясын зерттейді. Ол алдымен, католицизмнің қол жеткізген ұлы жетістіктерін оның қазіргі ақылға қайшы догмаларымен бітімге келтіреді. Содан соң Конт адамгершілік ұстанымдар эволюциясының заңына көшеді. Әдепкіде олар діни негіздерге арқа сүйейді. Уақыт өте келе бұл негіздер бірте-бірте рационалды және позитивті қалыпқа түседі. Адамзат өзінің жүріс-тұрыс ережелерін тек құрғақ қиялға ғана негіздеуге қабілетті деп жазғыруға болмайды. Сондықтан моральды діни көзқарастардан тәуелсіз тұрғыдан қарастыруымыз керек. Себебі теология адамгершілік ережелерімен бетпе-бет келгенде, оларды бітімгерлікке шақырмағаны былай тұрсын, олардан туындайтын ойды бұрынғыдан да шиеленістіре түсіп, ең бастысы – таза адами моральды жолына тұрғызған сол кедергілері арқылы адамгершілікті заңдарға деген құрметті сіңіруге дәрменсіздігін көрсетеді. Егер теологияның құнсыздануына қарамастан практикалық адамгершіліктің мәні арта берсе, оны таза мәнге арқа сүйеген позитивті рухтың орнығуымен түсіндіруге болады.

Конт революция сарбаздары, атеистер, прогресс идеясын ұстанушылар, ұлттық бірлікті қорғаушылар және вандалдар, Францияның шетелдік жауларымен байланысы бар жанкешті діни кертартпалардың арасындағы ара жікті ажырату мен шайқастың өзекті емес екенін мысал ретінде келтіреді. Конт жақтастарының бірі Кант теологияның құлдырауын індеткен ұжымдық екіжүзділік жүйесін сынға алады. Адамдар барынша еркін бола бастайды, ал теология болса, кемел ақыл өкілдерін құрықтауға дәрменсіз. Демек, позитивті философияның рухани билігін орнату қажеттіліктен туындайды. Конттың пікірінше, позитивті рухтың толықтай жеңісі бірінші кезекте мораль мүдделері үшін қажет болады. Себебі жаңа рухани биліктің жүйелі және белсенді араласуы қоғамды ескішілдіктен түбегейлі аластайды.

Үшінші тарауда «позитивті рух борыштылық сезімін қалайша ынталандыратыны мен нығайтатыны» туралы пайымдалады. Алдыңғы мораль жүйелері таза жеке сипаттамаларға



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 13. Огюст Конт (1798–1857)

ие еді. Әркім өзінің амандығын ғана күйттейді. Мұндай көзқарастардың мазмұн-мәні – индивидуализмнің бой көрсетуі ғана, басқа ешнәрсе емес. Метафизикалық моральдың өзімшілдігі табиғатынан индивидуалды саналатын ұжымдық емес теологиядан шығады. Позитивті мораль, керісінше, өзінің түп негізінде альтруист. Позитивті рух тек Адамзаттың ғана шынайы тіршілік қамын мойындайды, яғни ол жоғары деңгейдегі қоғамдық маңызға ие. Қоғамның игілігіне бағытталған белсенді өмір адамзат баласының тіршілік етуі ретінде ғана жалғасын таба алады. Индивидуалды тіршілік етуді қамтамасыз ететін жалғыз болашақ өмір – міне, осы.

### III. Позитивті мектеп жеңісінің шарттары. Пролетарлар мен философтардың одағы

Бірінші тарауда «халыққа жоғары білім беруге кірісудің» қажеттігі туралы айтылады. Бұл қажеттікті Конт нәтижесіз саяси үгіт-насихаттың позитивті философиялық мектепке арқа сүйеген күшті интеллектуалды қозғалыспен алмастырылуы сынды қоғамдық мұқтаждықпен түсіндіреді. Әрине, мұндай қозғалыстың алдында сансыз кедергілер көлденеңдейді. Теология мен метафизиканың белсенді өкілдері, яғни ғалымдардың көпшілігі оның жүзеге асуына қарсылық білдіреді. Дегенмен қоғам жалпы ағартушылықтың қажеттігін сезеді. Ғылыми рухтың жаңғыруы үшін позитивті ұстанымдарға негізделген білім берудің кең таралғаны аса қажет. Ол мақсаты әмбебап кемел ақылға жетуді діттейтіні жағынан христиандық білім беру жүйесіне жақын келеді. Конт позитивті білім беруді таратуға талпыныс жасау кезінде халыққа неліктен назар аударады? Ең алдымен, оған пролетарлар мұқтаж, себебі ресми білім беру жүйесінің есігі оларға осы уақытқа дейін жабық болып келді. Сондай-ақ олар позитивті философияға ықыласты болуы тиіс, өйткені ол әлеуметтік ортаға бағытталған. Еңбекке деген сүйіспеншілік сезімі оларды моральдық және интеллектуалдық тұрғыдан философтармен жақындастыра түседі. Жаратылыстану ғылымдарын алдыңғы орынға шығаратын позитивті білім беру қоғамда үлкен басымдыққа ие, пролетарларды тапсыздандыратын және мәртебесін төмендететін гуманитарлық білім беруге қарама-қайшы. Екінші тарауда «ерекше халықтық саяси қозғалыс құру» қажеттігі туралы айтылады. Пролетарлар мен позитивті ілімнің саяси және әлеуметтік бағдарламаларының арасында белгілі бір ұқсастық бар. Пролетарлар өздерінің алдына тіршілікке қажетті ең қарапайым міндеттерді қояды: оларға керегі – қалыпты білім мен тұрақты жұмыс. Пролетарлардың әлеуметтік бағдарламаларының алтын өзегі дәл осы талаптардан тұрады. Позитивті философияның ұсынып отырған саясаты – міне, осы бағытқа негізделген. Сондықтан үкіметке, қазіргі таңда күшінде отырған билікке тәуелсіз халыққа білім беруді ұйымдастыруға қалайда келісуге тура келеді. Позитивті мектеп еркін даму мүмкіндігін өз қолына алып, жергілікті муниципалды органдар иелігіндегі кеңселерге орналасуы тиіс.

Үшінші тарауда «позитивті ілімді меңгертудің міндетті қағидалары» туралы айтылады. Конт оқытудың прогрессивті бағытын алға тартады. Оқушы қарапайым білімнен күрделі білімге сатылап жылжып отыруы тиіс. Демек, адамзаттың жинаған білімін баяндауда оның міндетті қағидалары болуы қажет. Ол қағидаларды мүлтіксіз ұстану – істің жалпыға ортақ саналы түрде жүруі мен әлеуметтік игілігін қамтамасыз етеді. Бұл қағиданың негізінде жатқан басты идея – кез келген жеке адам барша адамзаттың жолын қайталауы тиіс. Сонымен қатар ғылымда белгілі бір деңгейде иерархия бар. Алдымен, Дүниені, одан Жерді, соңында Адамды зерделеуге көшуді болжау қисындырақ болар еді. Сәйкесінше, табиғат философиясы астрономиядан басталып, химияда жалғасын тауып, биологиямен аяқталуы тиіс. Дегенмен астрономияны игеру белгілі бір деңгейде математикалық білімді талап етеді, яғни, мұны математикадан бастауымыз керек. Астрономиядан кейін физикаға көшкен жөн. Бұл тәртіп толыққанды позитивті білім алу үшін міндетті саналады.

Конт өз дәуірінің ғалымдары ілім үйренудің мұндай қағидасының қажеттігін көбіне түсіне бермейтініне және ғылыми пәндерінің тар шеңберімен тұйықталып қалатынына өкініш білдіреді. Ал ілім түрлерін жіктеу теориясы үш кезеңді заңмен бірге қарастырады. Жекелеген адам санасында да бұл кезеңдер ретімен сөзсіз өтуі тиіс. Бұл теория әрқилы ғылым түрлерінің



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 13. Огюст Конт (1798–1857)

тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, материализмге жүгінбейтін, спиритуализмді де қажет етпейтін, олардың өзіне лайық шынайы болмысын қалыптастырады.

## Түсіндірме

Анжель Кремер-Мариетти атап көрсеткендей, Огюст Конт өзінің әмбебап әдіснамасының негіздері жөніндегі гносеологиялық зерттеулерінде жалаң сипаттаумен шектен тыс әуестеніп кеткен. Оның ойынша, белгілер мен тарих – ғылымға барынша қажет элементтер. Расында да, позитивті ғылымдардың мәнін білдіретін әртүрлі белгілік жүйелердің қалыптасуы өткен замандарда арақидік әлеуметтік тарихқа байланысты болды. Бұл элементтер математикадан бастап әлденеше позитивті ғылымдардың ішкі өзегінде орнықты. Мұнда кез келген белгілік жүйелерді, мәселен, фетиштерді, бейнелерді, символдар мен алгебралық белгілерді қайта қарастырып, өңдеп қолдануда басты рөл атқаратын абстракциялау теориясы бар. Біртектіліктің жалпы теориясын қайта аша келе, Конт оның ұстанымдарын гомологиялық ұстаным әрекет ететін позитивті антропологияның барлық деңгейлеріне таратады. Шынында, Огюст Конттың энциклопедия – лық еңбегі Еуропа жұрты ертеден-ақ қажетті санап келген қазіргі білімнің бәрін қамти алатын синтез ретінде ойластырылған болатын. Қоғам тарихы мен олардың жинақтаған білімдерінің негізінде философия Адамға әлеуметтік толғанысқа толы және прогресс пен тәртіпті бітістіруге қауқарсыз метафизикалық дәуірден шығу тәсілін көрсетуі қажет еді. Конт пролетарлардың қоғамды қайта құру үшін бірікпейінше, саяси мәселелерді шешу мүмкін еместігін түсінді.

Халықтық білім беруден ол кез келген адамның дүниемен позитивті қатынасқа түсуіндегі қолжетімді тәсілді көрді. Оның ұсынған математикадан әлеуметтануға дейін жүретін білім беру тәртібі оқушыларды тарихи және қоғамдық ғылымдар туралы білімдерді болжайтын әлеуметтану негіздерімен таныстырады.

Огюст Конт бар ғұмырын арнаған қоғам экономикасы секілді табиғат экономикасын зерттеу де – болашақтың еншісінде. Философ ақыл тұтастығының «объективті» болуы мүмкін еместігін көрсетті; материалистер пайымдағандай, ол – «субъективті», яғни адамзатпен байланысты. Сонымен қатар Конт жеке адам мен жалпы адамзат арасындағы байланысты көрсете білді. Ол әр адамның ақылы барлық адамзаттың өткен жолын қайталайды деп есептеді. Конт теориясының адамзат ойының дамуына әсері мол болды.

Позитивистік теория XIX ғасырдың соңындағы қоғамдық өмірге мардымды ықпал етті. Конт Сен-Симонмен ұзақ жылдар бірлесе жұмыс істеу арқылы оның ізімен тәртіп пен прогресті ымыраластыруға талпыныс жасады. Бұл мәселенің шешімін табуға Лө Пле сынды философтар да ұмтылған болатын. Алайда ол мәселені басқа қырынан қарады.

Огюст Конт ұсынған білім берудің кейбір принциптері 1880 жылғы көпшілік мектептерде қолданылды және өзінің философиялық, әлеуметтік дамуын Дюркгеймнің мектебінен тапты. «Баршаға ортақ мектептің» дүниеге келуі – философ бағдарламасының құрамдас бөлігі болған еді. Бұл мектептердегі ғылымды үйренудің тәртібі Огюст Конт бағдарламасына толықтай сәйкес келмеді. Дегенмен онда тарихи ғылымдармен бірге жаратылыстану ғылымдарына да назар аз аударылмады. Огюст Конттың позитивизмге институционалды форма беруге талпыныс жасаған және оны адамзаттың рухани бағдарына айналдырған көптеген ізбасары болды. Кейбір мемлекеттерде, соның ішінде, латынамерикалық елдерде тіпті позитивизмнің ұстанымдарына сәйкес конституциялар да жазылған...